

Шымкент қаласының тұрғын үй қорын, өзге де ғимараттар мен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды күтіп-ұстаудың аумақтық Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Шымкент қалалық мәслихатының 2006 жылғы 31 мамырдағы N 29/259-3с шешімі. Шымкент қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 20 маусымда N 14-1-34 тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 33/307-4с Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2010.03.31 N 33/307-4с Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 22 бабының 1-1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес Шымкент қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Шымкент қаласының тұрғын үй қорын, өзге де ғимараттар мен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды күтіп-ұстаудың аумақтық Қағидасы бекітілсін.

2. Бұл шешім "Шымкент келбеті" және "Панорама Шымкента" газеттерінде ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік мерзімнен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т

сессияның төрайымы

Қалалық мәслихат хатшысы

Шымкент қалалық мәслихатының
2006 жылғы 31 мамырдағы
N 29/259-3с шешіміне қосымша

Шымкент қаласының тұрғын үй қорын, өзге де үйлер мен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттарды, инженерлік коммуникацияларды күтіп ұстаудың Қағидасы

1. Жалпы ережелер

Осы Шымкент қаласының тұрғын үй қорын, өзге де үйлер мен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттарды, инженерлік коммуникацияларды күтіп ұстаудың Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және құрылысы аяқталған немесе бұрын пайдалануға енгізілген әкімшілік ғимараттарды, өндіріс, әлеуметтік-қызмет көрсету, мәдени-демалыс саласы объектілерін және тұрғын-жай қорын ішкі және сыртқы абаттандыру, пайдалану және ұстау саласындағы қатынастарды реттейді.

Осы Қағидада құқықтық реттеу мәні болып қалалық шаруашылық, коммуналдық-тұрмыстық және инженерлік-көліктік инфрақұрылымы жүйесіне аталған (салынған және қайта жаңартылған) объектілерді енгізу үдерісінде туындайтын қатынастарды анықтайды.

Осы Қағидамен енгізілетін нормалар мен ережелердің қолданылу облысы олардың мақсатты тағайындалуын реттеу, қолайлы экологиялық жағдайлар туғызу, өмір тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің, қалалық шаруашылық объектілерінің, инженерлік желілердің және көлік инфрақұрылымының сенімді қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында жаңадан салынған объектілерге т а р а т ы л а д ы .

Осы Қағиданы енгізгенде қол жеткізетін негізгі мақсаттар мен міндеттер өндірістік, әлеуметтік-қызмет көрсету, мәдени-демалыс саласы объектілерінің және тұрғын-жай қорына абаттандырудың, санитарлық-техникалық ұстаудың және пайдаланудың бірыңғай талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті атқарушы органның құзыреті мен өкілеттіктерін іске асыруды қарастырады.

Қағида міндетті сипатқа ие, меншіктің барлық түріндегі объектілерге т а р а т ы л а д ы .

Қалған жағдайларда аталған саладағы қатынастар Шымкент қаласы мәслихатының шешімімен бекітілген Аумақтың құрылысы, абаттандырудың және санитарлық ұстаудың, жасыл-желектерді ұстаудың және қорғаудың міндетті ережесімен реттеледі.

2. Қағидада қолданылатын негізгі ұғымдар

Арнайы коммуналдық қызметтер - заңды және жеке тұлғаларға коммуналдық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

ҚТҚ - қатты-тұрмыстық қалдықтар;

ІГҚ - ірігабаритті қалдық;

ӨК - өндірістік кооператив.

3. Қоршаған ортаны абаттандыру және қорғау талаптарын сақтау

1. Жаңа объектілерді енгізгенде және қолданыстағы өндірістік ғимараттарды, тұрғын үйлерді, әлеуметтік және қызмет көрсету саласы объектілерін қайта жаңартуды аяқтағанда белгіленген тәртіпте жер учаскелеріне және жылжымайтын мүлік объектілеріне меншік (жалдау) құқығын тіркеу жөніндегі актілерге сәйкес жергілікті атқарушы орган объектілерді абаттандыру,

санитарлық-техникалық ұстау жөніндегі талаптардың сақталуын бақылауды
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Осы мақсаттарда заңды тіркеу актілерінің және аудан әкімдері шешімдерінің негізінде тұрақты түрде абаттандыру және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқа да іс-шаралардың орындалуына объектілер иелеріне (жеке және заңды тұлғаларға) аумақтар бекітіледі. Аудан әкімдері шешімдері міндетті күшке ие, абаттандыру, көгалдандыру және экологиялық нормаларды сақтау жөніндегі талаптардың орындалуын бақылау санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметтерімен, құқық қорғау органдарымен және осы салада бақылауды қадағалауды орындайтын басқа да уәкілетті органдармен жүзеге асырылады.

3. Жаңа объектілердің жалпы қалалық коммуналдық-қызмет көрсету және көліктік қызмет көрсету инфрақұрылымының құрамына енгізу үдерісінде туындайтын даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен және жергілікті атқарушы органның актілерімен анықталған тәртіпте рұқсат етіледі.

4. Қаланың өмір тіршілігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне кіретін инженерлік желілерді, ішкі коммуникацияларды, өндірістік-техникалық тұрғыдағы объектілерді тиісті пайдалану жөніндегі талаптар

4. Жоба бойынша инженерлік желілермен, ішкі коммуникациялармен және өмір тіршілігін қамтамасыз етудің басқа да жүйелерімен (лифт шаруашылығы, орталық газбен жабдықтау) жабдықталған өндірістік тұрғыдағы объектілерде, әлеуметтік-қызмет көрсету саласында және тұрғын-жай қорында қалалық кәсіпорындармен, төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органмен, өрт сөндіру қызметімен белгіленген тәртіпте комиссиялық тексеру жүргізіледі, жалпы қалалық инженерлік желілерге және коммуникациялық жүйелерге қосқанда пайдалануға объектінің әзірлігі туралы шешімді (актіні) қабылдайды.

5. Жеке және заңды тұлғалармен Тұтынудың белгіленген нормаларына немесе аспаптарды тіркеу бойынша коммуналдық қызмет көрсетуге (энергия ресурстарын, сұйық газды және суды жеткізу) шарттар жасасу үшін негіздеме объектіні комиссиялық тексеруде оң қорытынды болып табылады.

6. Жалпы қалалық желілер мен өмір тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне жаңа немесе қайта жаңартылған объектіні қосуға қайшы келтіретін бұзушылықтар, шешім жобаларынан ауытқулар анықталған жағдайда нұсқама шығарылады және қайтарма тексеру арқылы бұзушылықтарды жою мерзімі белгіленеді. Осы кезеңде қызмет көрсету үшін бұрын жасалған шарттардың (қайта жаңартылған объектілер үшін) немесе объектіні салу кезеңінде мердігерлік ұйымдармен жасалған шарттардың іс-әрекеті тоқтатылады.

7. Инженерлік желелерді, ішкі коммуникацияларды, қаланың өмір тіршілігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне байланысты немесе енетін өндірістік-техникалық тұрғыдағы объектілерді пайдаланғанда жіберілген бұзушылықтарды жою жөніндегі қабылданбаған шараларға жауапкершілік заңды және жеке тұлғаларға (меншік иесіне, жалдаушыларға) жүктеледі, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылады.

8. Өндірістік тұрғыдағы, көлік, энергетика және байланыс объектілерін пайдалануға енгізгенге дейін міндетті түрде инженерлік объектілер мен желілердің жобаларына және техникалық көрсеткіштеріне сәйкестігі, релейлі қорғау, өрт сөндіру, түтін және күлді жою, атмосфераға қалдықтарды лақтыруға зертханалық бақылауды, сондай-ақ өндірістік қалдықтарды пайдаға асыру жөніндегі технологиялық нормативтердің (келісілген) сақталуын ұйымдастыру жүйесінің болуы және жұмыс істеуі тексеріледі.

9. Өндірістік тұрғыдағы объектілерде жергілікті атқарушы органмен міндетті тәртіпте қалалық шаруашылық және қызмет көрсету, коммуналдық және көліктік инфрақұрылымы объектілерін пайдалануға байланысты мәселелер келісіледі. Салынған өндірістік объектілерде қалалық коммуналдық кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуі үшін міндетті тәртіпте суды тұтыну лимиті, энергиямен жабдықтау (қондырғының қуатына тәуелді) кестесі, ауыр және технологиялық көліктің қозғалыс бағдары белгіленеді.

10. Өндірістік және басқа да объектілер аумағында экологиялық талаптарды сақтау мақсатында су бетін қашырту және сумен жабдықтаудың, орман аймағын санитарлық-қорғаудың айналмалы жүйесі құрылады. Жер қойнауын әзірлегенде және кең тараған ресурстарды өңдеуде жерлерді шұрайландыру жобаларының орындалуы қамтамасыз етіледі, күл үйінділері мен басқа да өнеркәсіптік қалдықтарды, оларды одан әрі шұрайландыру арқылы орналастыру келісіледі.

11. Өндірістік тұрғыдағы, энергетикалық және қалалық қоғамдық көлік бағдарламаларынан алынып тасталған көліктік қызмет көрсету объектілерін пайдалануға енгізгенде жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша жолдарды салу және жөндеу, көлік инфрақұрылымын дамытуда шаруашылық етуші субъектілердің үлестік қатысумен кәсіпорын қызметкерлерінің қызмет көрсетуі үшін бағдарлық желілерді кеңейту мәселелері шешіледі.

12. Объектілердің өндіріс қалдықтарын, ҚТҚ және ІГҚ лақтырудың арнайы жабдықталған орындары болуы тиіс. Объектілердің иелері қоқыстар мен қалдықтардың шығарылуын және қайта өңделуін ұйымдастыруы қажет.

5. Сауда және әлеуметтік-қызмет көрсету объектілерін ұстау

13. Қайта салынған сауда, әлеуметтік-қызмет көрсету саласы, мәдени-демалыс және спорттық-сауықтыру орталықтары үшін қалыпты жұмыс

істеуіне міндетті талаптар көлік инфрақұрылымын (автомашиналарды уақытша қою және тұрағы) құру және кеңейту болып табылады. Олардың функционалдық тағайындалуына байланысты жергілікті атқарушы органмен түнгі уақытта шектелетін жұмыс тәртібі белгіленуі тиіс.

14. Көпшілік жиналатын объектілерде жергілікті атқарушы органның шешімімен өртке қарсы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, эвакуация жолдарын жабдықтау (егер, ол жобамен қарастырылмаса), объектілерде қауіпсіздік тәртібіне бақылауды қамтамасыз ететін қызметкерлерді көбейту жөнінде қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

15. Сауда, әлеуметтік-қызмет көрсету объектілеріне абаттандыру, санитарлық тазалау және көгалдандыру үшін аумақтарды бекіткенде олардың абаттандыру деңгейі ескеріледі. Қызыл жолақ шегінде қоршалған құрылымдарды орнату, кіреберіс жолдарды, гүлзарларды және көгалдарды орнату, жарықтандыру қондырғыларын жабдықтау, сыртқы безендірудің, сыртқы жарнама және ақпарат құралдарын орналастыру тәсімінің бірыңғай дизайнін сақтау жөніндегі жұмыстардың қосымша тізбесі белгіленуі мүмкін.

16. Шектеулерді, шарбақтарды, дүңгіршіктерді, палаткаларды, павильондарды, сауда орындарын, жарнамалық стенділерді салу және орналастыру, маңдайшаларды, барлық көрнекілік түрлерін және басқа да жабдықтарды ресімдеу, саябақ орындықтарын орнату тек белгіленген тәртіпте келісілгеннен кейін ғана жол беріледі.

6. Тұрғын-жай кешендері және жекелеген тұрғын үй құрылысы аудандарын ұстау

17. Тұрғын үй кешенінің, көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталғаннан кейін және пайдалануға енгізілгеннен кейін жергілікті атқарушы органдармен үйшілік аумақтарды, коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету объектілерінің абаттандырылу жағдайын бұзушылықтарды жою және абаттандыру жобасы бойынша жұмыстарды толығымен өткізу жөніндегі нұсқаулықтарды беру арқылы комиссиялық тексеру жүргізіледі.

18. Тұрғын үй қатынастары, санитарлық-эпидемиологиялық және өртке қарсы қадағалау саласындағы уәкілетті органдармен, ТЖ қызметтерімен ішкі инженерлік желілердің жағдайы мен тұрғын үйлердің жабдыкталуын, олардың сенімді пайдаланылуын бақылау жүзеге асырылады. Лифт шаруашылығын, газ, жылу, су, жүйелерін жіберу, энергиямен жабдықтау және кәріздеу қызметін көрсететін кәсіпорындардың оңтайлы қорытындысынан және тиісті шарт жасағаннан кейін жүргізіледі.

19. Жаңадан енгізілген тұрғын-жайды қалыпты пайдалану және санитарлық-техникалық ұстау мақсатында тұрғын-жай орындарының меншік иелері (кондоминимум қатысушылары) белгіленген тәртіпте пайдаланушы

ұйымдармен қызмет көрсетуге шарт жасасады.

20. Құрылысы аяқталған жекелеген тұрғын үйлерді пайдалануға енгізгеннен кейін тұрғын үй қатысындағы, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органдар бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаулықтарды беру арқылы тұрғын үйлерге қызмет көрсету объектілерінің бар болуын және абаттандыру жағдайын тексереді. Жасыл-желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган алынған мәліметтерді көгалдандырылған аумақтарды одан әрі қорғау және бақылауды жүзеге асыру үшін Жасыл-желектер тізіліміне енгізумен қатар, көгалдандырылған учаскелерге тексеріс жүргізеді және төлқұжаттандырады. Жекелеген тұрғын үйлердің меншік иелері міндетті тәртіпте күл үйінділерін және ҚТҚ шығаруға, мамандандырылған кәсіпорындармен септиктерге қызмет көрсетуге шарт жасалады, ағындарды қашыру, бекітілген аумақты көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар орындалады.

21. Көппәтерлі үйлердегі пәтер иелеріне:

1) үйшілік аумақтарды ұстаудың санитарлық ережелерді сақтау жөніндегі іс-шараларды орындау үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және тұрғын үй тұрғындарын ұйымдастыру;

2) контейнерлік алаңдарды ұстауға және контейнерлердің сақталуын қамтамасыз ету;

3) қызметтің осы түріне арналған лицензиясы бар ұйымдармен жасалған шарт бойынша жәндіктермен және кеміргіштермен залалданған ғимараттарды залалсыздандыруға және зарарсыздандыру ұсынылады.

22. Көппәтерлі үйлердегі пәтер иелері кіреберістерді, кіреберіс алдындағы шатырларды, жертөлелерді, сыртқы абаттандырудың барлық элементтерін, оның ішінде қасбеттердің әрленуін, үй шатырларын және ғимараттарды тиісті техникалық (жобаға сәйкес) өртке қарсы және санитарлық жағдайда ұстауға міндетті.

Көппәтерлі тұрғын үйлердегі пәтер иелері бұл міндеттерді орындамаған немесе орындаудан бас тартқан жағдайда, Шымкент қаласы әкімдігі үй шатырлары жайларын үй үстіндегі қабатын салу үшін, сонымен бірге жертөлелерді аула клубтары және басқа да азаматтық нысандағы объектілер үшін қайта құру құқығымен бірге кіреберістерді, кіреберіс алдындағы шатырларды, жертөлелерді, сыртқы абаттандырудың барлық элементтерін, оның ішінде қасбеттердің әрленуін, үй шатырларын және ғимараттарды тиісті техникалық (жобаға сәйкес) өртке қарсы және санитарлық жағдайда ұстауды үшінші жаққа беруге құқылы.

23. Осы Қағиданың 22 тармағында көрсетілген басқа реттерде, кәсіпкерлерге жертөле ғимараттарын жалға беру, сондай-ақ үй үстіндегі қабатын салу мәселелері осы тұрғын үйдің тұрғындарының жиналған қолы негізінде шешіледі және көппәтерлі үйлердегі пәтер иелерінің тұрғындарының жалпы жиналысында

жартысынан көп дауысының келісімімен (жертөле ғимараттары арқылы өтетін инженерлік желілер мен қондырғыларды толық күрделі жөндеу шартымен) қ а б ы л д а н а д ы .

24. Тұрғын үйлердегі ағымдағы (үш жылда бір рет) және күрделі (5 жылда 1 рет) жөндеу жұмыстары тұрғындардың мақсатты қаражаттары есебінен жү р г і з і л е д і .

25. Күрделі жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін тұрғындардың (үйшіктер) немесе сенімді адамдардың қатысында не болмаса олардың сенімді адамдарының қ а т ы с ы н д а қ а б ы л д а н а д ы .

26. Сыртқы абаттандырудың барлық элементтері, оның ішінде қасбеттердің әрлеуі аумақ құрылысы тәртібімен анықталатын ережелерге сәйкес орындалуы т и і с .

27. Шағын сәулет нысандарының барлық қондырғылары жақсы жағдайда болуы, жылына кемінде бір рет боялуы тиіс.

28. Қоқыс құбыры, қоқыс қабылдау камерасы (болған жағдайда) қалыпты жағдайда болғаны жөн, баспалдақтардағы қоқыс құбырларының жүктеу клапандарының қақпақтарында герметикаландыру және шуды өшіру мақсатында созылмалы төсемдермен жабдықталған тығыз жабыны болуы қажет.

29. Қоқыс құбырлары аптасына бір рет тазартылып, залалсыздандырылуы т и і с .

30. Үй ішіндегі габаритті емес қалдықтарды жоюды олардың жиналуына байланысты аптасына бір рет жүргізген, ірі габаритті қалдықты уақытша сақтау үшін қатты жабынмен қоршалған алаңды қарастырған жөн.

31. Үйшілік аумақтарды жинау таңертеңгі сағаттарда жүргізіледі.

32. Үйшілік аумақтардан және өндірістік объектілерден ҚТҚ шығару күн с а й ы н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

33. Қоқыс жинаудың есептік көлемі олардың көп жиналған кезеңінде қалдықтарды нақты жинақтаумен сәйкес болуы тиіс.

34. Қызметтің осы түріне арналған лицензиясы бар кәсіпорындармен жасалған шартқа сәйкес 10 күнде бір рет қоқыс жинауды жуып, өңдеу қажет.

35. Көгершіндердің кіріп кетуін болдырмау мақсатында шатыр орын-жайларының дыбыс өткізетін және желдеткіш арналарына торлар о р н а т ы л с ы н .

36. Магистральдарда және бас көшелерде және жолдарда орналасқан қоғамдық ғимараттардың және орын-жайлардың, көп қабатты тұрғын үйлердің қасбет бөлігінің өзгеруі (балкондарды, лоджаларды, шынылау және қайта жаңарту, жапсаржай өндірісі), сондай-ақ кондоминимум объектілерін (кіреберістер, баспалдақтар, лифтілер, шатырлар) қайта жоспарлау және өзгерту сәулет және қала құрылысы органының келісуінсіз жол берілмейді.

37. Жертөле ғимараттарын және жалпы қолданыстағы басқа да орындарды залалсыздандыру, дератизациялау көппәтерлі үйлердегі пәтер иелерінің өтініштері мен шарттары бойынша қызметтің осы түріне арналған лицензиясы бар ұйымдармен жүзеге асырылады. Жұмыстардың орындалуын бақылау жергілікті санитарлық қадағалау органына жүктеледі.

38. Өндіріс, қызмет көрсету объектілеріндегі және тұрғын үйлердегі шатырлы орын-жайлардағы және желдеткіш арналардағы зарарсыздандыру және дератизациялау жұмыстарын шарт негізінде көппәтерлі үйлердегі пәтер иелерімен, объектілердің меншік иелерімен (жалдаушылармен) жүзеге асырылады.

39. Үйшілік аумақтарды, жаяу жүргіншілер жолдарын, алаңдарды (тұрмыстық, ойын, контейнерлік) жинау, мұзды, қаржы, аула сметасын кетіру шарт негізінде көппәтерлі үйлердегі пәтер иелерімен, объектілердің меншік иелерімен (жалдаушылармен) жүзеге асырылады.

7. Жинау, абаттандыру, қалдықтарды шығару және пайдаға асыру үшін шаруашылық етуші субъектілермен қала аумағын бекіту

40. Аулаішілік (аулалық) аумақтарды жинау, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары пәтер иелерінің коопертивтеріне, объектілер мен мамандандырылған коммуналдық кәсіпорындар иелеріне, магистральды көшелерге, жасыл-желек, бақ, саябақ жолдары, тарихи, мәдени ескерткіштер аймақтарына және жалпы қолданыстағы басқа да орындарға - мамандандырылған коммуналдық кәсіпорындарға жүктеледі.

Коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету жүйелердің және форс-мажорлар жағдайлардың техникалық тоқтап қалулары үшін бөлінген уақытты қоспағанда үзіліссіз жүзеге асырылуы керек.

41. Жекелеген объектілерін санитарлық тазарту ұйымдарының өз күшімен немесе мамандандырылған коммуналдық кәсіпорындар мен пәтер иелерімен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің бақылауымен шарт бойынша жүргізіледі.

42. Тұрақты шығару қалдықтарды шығаруды жүргізетін ұйымдар және тұрғын үй, өндірістік ғимараттардың, орын-жайлардың және басқа да объектілердің иелері арасында жасалған шарттар немесе кестелер бойынша жүргізіледі.

43. Аумақтарда (бөлінген, бекітілген, аулаішілік) көліктердің жақындауына ыңғайлы контейнерлерді орналастыру үшін мамандандырылған алаңдар бөлінуі керек. ҚТҚ жинау үшін металл контейнерлерін қолдану қажет. Контейнерлік алаңдар, өту жолдарында қатты жабулар болуы керек, жақын аумақтар қоқыстардың шашылмауы үшін жаппай қоршаулармен жабдықталуы қажет,

контейнерлік алаңдар мен оған іргелес аумақты тиісті санитарлық ұстау қамтамасыз етілуі тиіс.

8. Қалалық инфрақұрылым объектілерін ұстау

44. Барлық алаңдар мен көшелерде, саябақтарда, базарларда, қалалық көліктердің аялдамаларында, ғимараттардың маңында және басқа орындарда жеткілікті көлемде қоқыс салатын жәшіктер қойылуы керек. Қоқыс салатын жәшіктердің ара қашықтығы магистралдарды (аумақтарды) қарқынды пайдалануға байланысты, бірақ қозғалысы көп көшелерде 50 метр және адамдары аз көшелерде 100 метр коммуналдық шаруашылық органдарымен анықталады.

45. Объектілердің иелері өздерінің офистерінде, ғимараттары мен орын-жайларында қоқыс салатын жәшіктер қояды.

46. Қоқыс салатын жәшіктер түзетілген және таза түрде болуы керек, ол қоқысқа толған уақытында ҚТҚ пайдаға асыру үшін полигонға шығарып тазартылады, тұрақты жуылып, зарарсыздандырып, жылына кем дегенде екі рет сырланып тұруы қажет.

47. Ыдыстарды және дүңгіршектердегі, палаткалардағы, шағын сауда павильондарындағы, дүкендердегі және басқа да кәсіпкерлік объектілердегі тауарлардың қорларын, сондай-ақ құрылыс алаңдарының қоршауынан тыс материалдарды жинақтауға тыйым салынады.

48. Көшелерде тез бұзылмайтын азық-түліктер, көкөністер мен жемістер сату үшін палаткалар, дүкеншіктер, дүңгіршектер орнату санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісілуі қажет.

49. Қаланың аумақтарын көлік құралдарын пайдалануға және жөндеуге байланысты ластауға, көлік құралдарының балалардың ойнау алаңдарында тұрақтануына, аула аумақтарының бөліктерін кесіп өтуге, сондай-ақ жалпы қолданыстағы жерлерге көлік құралдарының жинақталуына тыйым салынады.

50. Оқшауланған аумақтардағы объектілерде (базарлар, саябақтар, емдеу-алдын алу мекемелері) санитарлық-эпидемиологиялық стансаның келісімінсіз құрылыс салуға және санитарлық тазарту жүргізуге, қалдықтар жинауға, автокөліктер жууға, сол мақсаттарға бөлінбеген жерлерге ыдыстар сақтауға тыйым салынады.

51. Шатырларды қардан тазарту және мұздарды еріту орын-жайлар иелерінің міндеттеріне жатады және қауіпсіздік шараларын (кезекшілер бөлу, тротуарларды қоршау) сақтай отырып жүргізілуі керек. Шатырдан түскен қар тез арада ерітілуі немесе қажет болған жағдайда шет жаққа шығарылып тасталуы керек.

52. Үйлердің, ұйымдардың, мекемелердің және кәсіпорындардың аумақтарын жинауды жүргізетін мамандандырылған кәсіпорындар санитарлық нормалар мен

тәртіптерге сәйкес мына қызметтерді жүзеге асыруға міндетті:

1) қатты, сұйық және ірі тұрмыстық қалдықтарды шығаруды (кем дегенде аптасына 1 рет) өз уақытында (шартқа сәйкес) жүзеге асыру;

2) әрбір арнайы машиналар қозғалыс сызбасына сәйкес бағдарлы кестелер қ ұ р а й д ы ;

3) өзгертілген пайдалану жағдайларын сәйкес бағдарлы кестелерді түзету;

4) бекітілген бағдарлы кестелерді міндетті орындауды қамтамасыз етеді;

5) үйлердің нөмірлерінің белгілерін, көшелердің көрсеткіштерін түзетілген ж а ғ д а й д а ұ с т а у .

53. ҚТҚ жоюдың кезеңділігі тиісті коммуналдық қызметпен белгіленеді және санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен келісіледі.

54. Өндіріс, қызмет көрсету және тұрғын үй объектілерінің иелері: жапсарланған аумақтарды санитарлық тазартуды қамтамасыз етуге; шығу тобының эстетикалық жағдайын қолдау жөніндегі жұмыстарды т ұ р а қ т ы ж ү р г і з у г е ;

арбадағы мүгедектерді, арбадағы аналарды және басқа да мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың үздіксіз келуі үшін шығу тобының пандусын жабдықтауға ;

кондоминиум шегіндегі қоршаулардың, қасбеттердің, инженерлік коммуникациялардың, және басқа да (шағын сәулет нысандарын, қоқыс салатын жәшіктер, орындықтар, спорт алаңдарын, және т.б.) объектілерді тиісті түрде сы р т қ ы к е л б е т т е р і н ұ с т а у ғ а ;

жасыл желектерді күтуді жүзеге асыруға, уақытында суаруды, қырқуды қамтамасыз етуге, Шымкент қаласында жасыл желектерді қорғау жөніндегі ережеге және уәкілетті органның жасыл желектерді қорғау жөніндегі нормативтік актілеріне сәйкес өсуіруді жүргізуге;

аялдау (кармандар) орындарын жабдықтауға міндетті.

55. Өндірістік немесе басқа да құрылыстарды топырақ жабындармен байланысты инженерлік желілерді күрделі жөндеуді жүзеге асыратын құрылыс, коммуналдық және басқа да ұйымдар "жасыл" құрылыстарды пайдалану үшін топырақтың құнарлы қабатын шығаруға және сақтауға, сондай-ақ жұмыстар жүргізу кезінде бұзылған жер учаскелері мен жасыл желектерді құрылыстар мен жөндеу жұмыстары аяқталғаннан соң жедел түрде өз есебінен қалпына келтіруге міндетті.

9. Инженерлік құрылыстарды ұстау тәртібі

56. Мамандандырылған коммуналдық кәсіпорын жалпы пайдалану орындарындағы орталықтан жылыту, кәріз, сумен жабдықтау, электрмен жарықтандыру, желдеткіш, апаттарды қалпына келтіру жүйелерін үздіксіз қызмет көрсетуге, сондай-ақ электр қуатын электр желілерінен және суды

жылыту және сумен жабдықтау жүйелерінен ажырату жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

57. Орталықтан жылыту, суық, жылы сулармен жабдықтаудың үйшілік жүйесін пайдалану жағдайлары меншік иелерімен энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес таңдалады.

58. Ғимараттың электротехникалық шаруашылығы жөніндегі жөндеу аралық мерзімдері олардың қысқы кезең аяқталғаннан кейінгі техникалық жағдайы жөніндегі бағаларының негізінде анықталады.

59. Пайдаланушы ұйымдар меншік иелерімен шарттар жасасу кезінде қызмет тізіміне құрылыстық жаңартулар мен инженерлік жабдықтар, сондай-ақ қабатты бөлшектелген шкафтарды (ҚБШ), су бөлгіш қондырғыларды (СБК), қабатты щиттарды, үйшілік электр желілер мен баланстық қажеттіліктер бойынша сыртқы электрлік желілерді жөндеуді алдын ала қарау енгізіледі.

60. Үйшілік және сыртқы электрлік желілерді бөлек ұстау кезіндегі электр қуатының меншік иесі мен жеткізушісі арасындағы бөлу шекарасы олардың баланстық керек-жарақтарымен анықталады және баланстық керек-жарақтардың және шектеу актісімен, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушылар арасындағы пайдаланушы жауапкершілігімен шектеледі.

61. Ғимараттардың иелері немесе қызмет көрсетуші ұйымдар жыл сайынғы жууды және жылумен жабдықтау жүйесін тұщылау және жылыту маусымына дайындық төлқұжатын өз уақытында алуды қамтамасыз етуге тиіс.

62. Аумақтарды жабдықтау және жертөле орын-жайларын қызмет көрсету және жылу трассаларын жөндеу кезінде қол жеткізіп қамтамасыз ету үшін ҚНЖЕ бұзылуын болдырмау.

63. Мамандандырылған коммуналдық кәсіпорындар магистральды жылу трассалары каналдарының суға толып қалуын жою үшін нөсерлі кәріз жағдайларының (қажет болған жағдайда қалыптастыруды қамтамасыз ету) керек-жарақтарын ұстауға міндетті.

64. Иеліктерінде жер асты желілері бар иегерлер газ люктерінің қақпақтары, кәріздік, суқашыртқы, жауынды және басқа да құдықтар жол жабындарының қажетті деңгейде болуын, барлық уақытта дұрыс жағдайда болуын бақылап отыруға міндетті.

65. Каналдарды, құбырларды және көшелер мен жолдардағы жоғарғы және топырақ суларды қашыртуға арналған қашыртқышты жинау және тазарту, нөсерлі кәріздердің коллекторларын, жауын қабылдағыш құдықтардың тазарту қоқыстарды жедел шығара отырып, қажет болған шекте жүргізіледі.

66. Қоймалардың, базалардың, карьерлердің, құрылыс алаңдарының және басқа объектілердің иелері:

1) өту жолдарының, көліктердің бұрылуына арналған алаңдардың тазалығын

және дұрыс ұсталуын. Өту және ішкіқұрылыс жолдарында қатты жабындар
б о л у ы к е р е к ;

2) көрсетілген объектілерден көшелерге ластанған автокөліктері мен құрылыс механизмдерін көшеге шығаруға жол бермеу арқылы көліктердің дөңгелектері мен шанақтарын жууды қамтамасыз етеді.

67. Көшелерге, магистральдарға орамшілік аумақтарда жөндеу-құрылыс және басқа да жер жұмыстарын жүргізу белгіленген тәртіпке сәйкес уәкілетті органның келісімімен заңды және жеке тұлғалармен жүзеге асырылады.

68. Шаруашылық субъектілердің басшылары немесе жолдардың өту бөліктерін немесе жалпы қолданыстағы орындарды ластауға жол берген жеке тұлғалар ластанған жерлерді (алып тастауға) тазартуға немесе олардың пайдаланудан келтірілген залалдарды өтеуге міндетті.

69. Тұрғын үйлердің, саяжайлардың және бағбандық учаскелердің, қоғамдық және азаматтық ғимараттардың аумақтарында ашық алаңдарда және алаңдарда тез еритін сұйықтардың сыйымдылығын, сондай-ақ осы сұйықтардың астындағы бос ыдыстар, жағылған және жанатын баллондар қалдыруға рұқсат берілмейді.

70. Күрделі құрылыстағы жазғы алаңдар, тұрғын және қоғамдық ғимараттардан 9 метр қашықтықта орналасуы керек. Осы ғимараттарға дейінгі ара қашықтық, егер жазғы алаңның маңында орналасқан ғимараттарында терезелер және басқа да ауа өткізгіштер болмаса қысқартылуы мүмкін.

71. Жергілікті атқарушы органның мангалдарды, пештерді және басқа да ашық оты бар аппараттарды орналастыруға рұқсаты бар болса ғимараттардан, орын-жайлардан және уақытша сауда орындарынан 5 метр ара қашықтықта жүргізіледі.

72. Барлық объектілер дұрыс алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, өртке қарсы қызметті шақыру құралдарымен және қолданыстағы нормаларға сәйкес өртке қарсы автоматикалармен қамтамасыз етілуі керек.

73. Бір шығу жолы бар орын-жайларда осындай орын-жайларға 50-ден астам адам қатысатын іс-шаралар өткізуге жол беріледі. IV және V дәрежедегі отқа төзімді ғимараттарда көптеген (50 адамнан аса) адамдардың қатысуымен іс-шараларды ғимараттың бірінші қабатында ғана өткізуге жол беріледі.

74. Ғимараттар мен орын-жайлардың жертөле және төменгі қабаттарының түсті ойықтардың шұңқырлары жанатын қоқыстардан тұрақты тазартылып тұрулары қажет, аталған шұңқырлар мен терезелерді жаппай төсемдермен жабуға жол берілмейді.

75. Әрбір ғимаратта өрт қауіпсіздігіне жауапты бір маман тағайындалуы керек.

10. Осы Қағидамен тыйым салынған іс-әрекеттер

- 1) көшелерде, тротуарларда, гүлзарларда, сондай-ақ үйлердің қасбеттерінде құрылыс материалдарын жинауға;
- 2) қоқыстарды балкондардан (лоджалардан) сыртқа шығаруға;
- 3) көшелердің өту және жаяу жүргіншілер жолдарын, құрылыс алаңдары мен жасыл желектердің алаңдары, сондай-ақ жалпы қолданыстағы басқа да орындар қоқыстың қандай да болсын түрлерімен (күлдермен, бөтелкелермен, қағаздармен), тұрмыстық қалдықтармен шашуға;
- 4) тұрғын үйлердің маңында және санитарлық аймақтарда көлік құралдарын ж у у ғ а ;
- 5) өту жолдарында және тротуарларда, кәріздік, су қашыртқы, жауынды және басқа да құдықтарда ашық газ люктерін қалдыруға;
- 6) көшелерде, шағынгүлбақтарда, орман саябақтарында, стадиондарда, мектеп алды учаскелерінде және басқа да жалпы қолданыстағы орындарда сиырларды, құстарды жаюға және бағуға;
- 7) бар орын-жайларды (жол жабындарын, жол жиектері, қоршауларды, құдықтардың люктерін, суағызғыш торларды, жаймалар мен кювелерді, өткізгін құбырларды, дренаждарды және т.б.), жарнамалық щиттерді, түсті жарнамаларды, акпараттар мен көрнекі үгіттеулер стендыларды, сыртқы жарактандыру шамдарының тіректерін көркем-суретті ресімдеулер элементтеріне, жол және жер жұмыстарын жүргізу кезіндегі жасыл желектерге нұқсан келтіруге, сондай-ақ олардың жерлерін жабуға, сулы тротуарларға, гүлзарларға, және көшелердің өту жолдарына тікелей шығарылғаннан бұзылған жылумен, сумен жабдықтау және кәріздер жүйесін қалпына келтіру жөніндегі апатты жұмыстарды жүргізуге;
- 8) қоқыстарды, жапырақтарды өртеуге, тұрғын үй орамдарында және жеке учаскелерде от жағуға;
- 9) көше және аула аумақтарын, дүңгіршектердің, павильондардың, сауда және жалпы тамақтану объектілерінің аумақтарын шашуға және ластауға;
- 10) хабарландыруларды, афишаларды, акпараттарды және т.б. белгіленбеген жерлерге жабыстыруға;
- 11) трансформаторлық қосалқы стансалар ғимараттарының аумақтарына қоқыстар шашуға, сондай-ақ қоқыс салатын контейнерлердің қосалқы стансаларына өту жолдарын және кіре-берістерді, гараждарды және басқа да орын-жайларды ластауға;
- 12) аулаларда, су алатын қалыптардың маңында және осы мақсаттарға арналмаған басқа да орындарда автокөліктер жууға тыйым салынады.

11. Санитарлық қамтамасыз ету, аумақтарды абаттандыру және қалалық инфрақұрылымдардың объектілерін ұстау жөніндегі уәкілетті органдардың және қызметтердің міндеттері

77. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес халыққа, көшелерге, аулаларға, және қаланың басқа да аумақтарына өндірістік, әлеуметтік, тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін ұстаудың санитарлық-техникалық нормаларын сақтауға бақылау жасау экологиялық, өртке қарсы, және сәулеттік-құрылыс қадағалау органдарымен және тұрғын үй инспекциясымен жүзеге асырылады.

78. Осы Қағиданы бақылауды ұйымдастыру жөніндегі комиссия тұрақты негізде абаттандыру, қалалық инфрақұрылым объектілерін ұстау тәртібін бұзған тұлғаларды анықтауға және белгіленген тәртіпте олардың материалдарын тиісті органдарға ұсынуға міндетті.

79. Комиссия мүшелері мынадай міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

1) жергілікті атқарушы органның қаланы санитарлық тазартуды және абаттандыруды ұйымдастыру жөніндегі шешімдердің жобасын дайындауға қатысу;

2) қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың полигондарын, қаланың санитарлық тазарту сызбасын орналастыру және жобалау жөніндегі материалдарды қарастыру және келісу;

3) Осы Қағиданы орындау жөнінде рейдтер жүргізу туралы ұсыныстар беру.

12. Жеке және заңды тұлғалардың осы Қағиданы бұзудағы жауапкершіліктері

80. Осы Қағиданы бұзған кінәлі жеке және заңды тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жауапкершілік алады.